



Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 16 наурыз N 408

Белгілі тұрағы, жұмысы және күнкөріс қаражаты жоқ адамдарға әлеуметтік, медициналық және өзге де көмек көрсету, халықтың санитарлық-эпидемиялық жағдайын қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 2000 жылдың 1 маусымына дейін 100 мың адамнан артық халқы бар қалаларда заңдарда белгіленген тәртіппен:

Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарын құру; пайдалануға жарамды бос тұрған үй-жайларды Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарының балансына өткізу;

Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарын жергілікті бюджеттердің және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да қаржы көздерінің қаражаты есебінен қаржыландыруды көздеу ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігімен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісе отырып, Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу

орталықтарының қызметін ұйымдастыру туралы Ережені әзірлесін және бекітсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ